ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«Жарық және құрылыс»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚР, Түркістан облысы, Түркістан қаласы,
О. Жарылқапов көшесі, № 168 үй

Шығыс № 29
21.06.2019 ж.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Ішкі
мемлекеттік аудит
комитетіне

Ш А Ғ Ы М

Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының заңсыз іс-қимыл әрекетіне

Ұйымдастырушы – Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі электрондық мемлекеттік сатып алу вэб-порталында «Бағдаршам нысанын орнату» мемлекеттік сатып алу бойынша Ашық конкурс 11.04.2019 жылғы № 3251592-2 хабарландыру орналастырған болатын.

Конкурстық 17.06.2019 жылғы № 3103476 қорытынды хаттамасына сәйкес, 11 қатысушы анықталған.

Ұйымдастырушы МСА Қағидаларын және МСА Заңын өрескел бұзып, «Жарық және құрылыс» ЖШС-н № 23178091-ОК1, 24909279-ОК1, 24909223-ОК1 лоттарында заңсыз шеттеткен, яғни қорытынды хаттамасында былай деген: Әлеуетті өнім беруші Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағиданың 150 тармағының 1-тармақшасына сәйкес келмейді. Конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейді. Атап айтқанда: Грузовой транспорт для транспортировки; Автомобиль с вышкой не менее 14 м, техникаларының ие болуы туралы құжаттары ұсынылмаған;

I. Бірақ, «Жарық және құрылыс» ЖШС ұйымдастырушы 23178091-ОК1, 24909279-ОК1, 24909223-ОК1 лоттарында сұраған техникалық ерекшеліктегі толық техникалар және қызметкерлер мен жұмысшылары бар, құжаттарының электрондық көшірмесі толық ілінген, яғни word электронды файлында аты konkurs_application_5-3.docx (Документ Microsoft Word):

1. ГАЗ 53-12 ВС1801мс Автоподьемник, Жеке меншік, Техпаспорт ХК № 00004663 от 09.11.2016 г. жазылған.

2. Foton Bj. Бортовой манипулятор. До 5 тонн, жалға алынған ТОО «Сетевые технологии Ломар», Договор на предоставление услуг №1 от 01.11.2015 г. Техпаспорт AZ №00031347 от 06.01.2011 г. жазылған.
3. Daimler Benz 817 Гидроманипулятор. (Бортовой до 5 тонн), жалға алынған Карабаев Айтбай Елемесович, Договор аренды автотранспорта №4 от 01.09.2016 г. Техпаспорт XI №00115173 от 16.08.2016 г. жазылған.
4. Техникалық ерекшелікке сәйкес толық техникалар, толық қызметкерлер мен жұмысшылардың тізімі жазылған және электронды құжаттарының көшірмесі толық ілінген.

Айта кету керек ГАЗ 53-12 ВС1801мс Автоподьемник техникасы техпаспорт ерекшелігіне сәйкес вышканы көтеру биіктігі 18 метр, Foton Bj. Бортовой манипулятор. До 5 тонн және Daimler Benz 817 Гидроманипулятор. (Бортовой до 5 тонн) техникаларын техпаспорт ерекшелігіне сәйкес біреуін манипулятор, екіншісін жүк тасымалдау көлігі ретінде қолдануға болады.

«Жарық және құрылыс» ЖШС Конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына толық сәйкес келеді және МСА жүзеге асыру қағидасының 150 тармағының 1-тармақшасына толық сәйкес келеді.

II. Ұйымдастырушы қорытынды хаттамада «Жарық және құрылыс» ЖШС қатысты Бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесіне баллды есептеуде «3» балл берген және Әлеуетті өнім берушіде ұлттық немесе халықаралық стандартқа сапа менеджменті жүйесі мен экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуында «0» балл берген.

Алайда, «Жарық және құрылыс» ЖШС сонымен қатар, Мемлекеттік лицензия № 13002713 15.01.2013 жылы берілген Құрылыс-монтаж жұмыстары III Санат, мемлекеттік лицензия № 19003566 15.02.2019 жылы берілген Құрылыс-монтаж жұмыстары айналысуға II санат. Күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын автомобиль және темір жол құрылыстарын салу, оның ішінде: III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді-мекендер көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды жайластыруды; I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ жүрдек және реттелмелі қозғалыстың қалаішілік магистральдық жолдарының, үздіксіз және реттелмелі қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыстары мен оларды жайластыруды;
Технологиялық жабдықтарды монтаждау, қосу-жөндеу жұмыстар байланысты – байланыспен, авариядан қорғаумен, бақылау және сигнализация жүйесімен, көлікте, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілерінде, тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз ететін өзге де
объектілерде оқшаулаумен, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу мен бақылау аспаптарымен байланысты технологиялық жабдықтарды монтаждау, іске қосу-жөндеу жұмыстары және т.б.

Жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттарын ескерсек, жұмыс тәжірибесі жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстар мен қызметтердегі, оның ішінде: бағдаршам орнату, жол белгілерін орнату, жолдарды белгілеу, жасанды жол кедергілерін орнату, жарықтандыру және электрмонтаждау саласында 6 жылдан астам, әр жылында қосымша атқарылған бірнеше объектілері бар, МСА Заңына сәйкес жоғары балл берілуі тиіс. Нақты айтсақ 2013, 2014, 2015, 2016, 2017 және 2018 жылдары бағдаршам орнату

бойынша атқатырлағн жұмыстар мен қызметтер саны 24 объекті және олар 7 қосымшада құжаттарының электрондық көшірмесі толық ілінген және Біліктілігі туралы мәліметтер тізімінде объектілер құжаттары көрсетілген, яғни Adobe Acrobat Reader электронды файлында аты q0612_2243.26699299.65353.pdf (Документ Adobe Acrobat Reader).

Ұйымдастырушы МСА Қағидаларына және МСА Заңына сәйкес «Жарық және құрылыс» ЖШС-на Бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесіне баллды есептеуде «9,4» балл беруі тиіс және Әлеуетті өнім берушіде ұлттық немесе халықаралық стандартқа сапа менеджменті жүйесі мен экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуында «3» балл беруі тиіс еді. Жалпы «12,4» балл берілуі керек еді.

III. Ұйымдастырушы қорытынды хаттамада конкурсқа қатысуға өтінімдерге заңсыз рұқсат берген, олар:

1). «Асгард 2012» ЖШС және ЖТ Мусаева К.А. арасында жасалған келісім шартта Автокран (Техпаспорт XN №001477401 12.03.2015 ж.) деп көрсетілген, алайда техникалық ерекшелікке сәйкес Манипулятор болу керек.

2). «Асгард 2012» ЖШС және ЖТ Утеев Нурсултан Есполатович. арасында жасалған келісім шартта Агрегат сварочный АДД-4004 ПИУ1 (САГ) прицепной деп көрсетілген, бірақ осы аппараттың иесі деп көрсетілген ЖТ Утеев Нурсултан Есполатовичтың атында екенін куәландыратын құжаты жоқ.

3). Техникалық ерекшелікке сәйкес Аттестованных специалистов не менее 2 человек имеющими допуск к высотным работам – дегенде Пащенко С. В. Специалистов не менее 1 человека с правом проведения ремонтных работ, имеющих допуск по электробезопасности не менее 3-ей группы жатқызылған және Абдишаяхов Денис Глусовичтің куәлігінде Құбырларды және металлоконструкцияларын құрастырушы-слесарь контроллер. 5-дәрежелі деп көрсетілген және жеке куәлігі жоқ. Яғни Аттестованных специалистов не менее 2 человек имеющими допуск к высотным работам – дегенде техникалық ерекшелікке сәйкес 2 (екі) қызметкер мен жұмысшы сәйкес келмейді немесе жоқ екенін білдіреді.

IV. Ұйымдастырушы «Эко Бәйшешек» ЖШС-на қорытынды хаттамада конкурсқа қатысуға өтінімдерге заңсыз рұқсат берген, олар:

1). «Эко Бәйшешек» ЖШС және ЖТ Финько Александр Сергеевич арасында жасалған келісім шартта Mercedes-Benz 814 (автовышка) гос.номер H216NNM. Год выпуска 1998. – делінген, алайда осы автовышка техникасы «Асгард 2012» ЖШС мен ЖТ Финько Александр Сергеевич арасында Договор аренды 11, уақыты 10.06.2019 жылы жасалған келісім шарт жасалған Техпаспорты НА № 00151072 берілген уақыты 02.02.2010 жыл.

2). «Эко Бәйшешек» ЖШС және ЖТ Карымбаев С.Н арасында жасалған келісім шартта Автокран (Техпаспорт ХА № 00438842 берілген уақыты 20.03.2014 ж.) деп көрсетілген, алайда техникалық ерекшелікке сәйкес Манипулятор болу керек.

3). «Эко Бәйшешек» ЖШС және ЖТ Утеев Нурсултан Есполатович арасында жасалған келісім шартта Агрегат сварочный АДД-4004 ПИУ1 (САГ) прицепной – делінген, алайда осы Агрегат сварочный АДД-4004 ПИУ1 (САГ) прицепной техникасы «Асгард 2012» ЖШС мен ЖТ Утеев Нурсултан Есполатович арасында Договор аренды 03, уақыты 12.06.2019 жылы жасалған келісім шарт жасалған.

4). Техникалық ерекшелікке сәйкес Аттестованных специалистов не менее 2 человек имеющими допуск к высотным работам – дегенде Пащенко С. В. Специалистов не менее 1 человека с правом проведения ремонтных работ, имеющих допуск по электробезопасности не менее 3-ей группы жатқызылған және Абдишаяхов Денис Глусовичтің куәлігінде Құбырларды және металлоконструкцияларын құрастырушы-

слесарь контроллер. 5-дәрежелі деп көрсетілген және жеке куәлігі жоқ. Яғни Аттестованных специалистов не менее 2 человек имеющими допуск к высотным работам – дегенде техникалық ерекшелікке сәйкес 2 (екі) қызметкер мен жұмысшы сәйкес келмейді немесе жоқ екенін білдіреді.

С Ұ Р А Й М Ы Н

1. Бәйдібек ауданы әкімдігінің «Бәйдібек аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесінің электрондық мемлекеттік сатып алу вэб-порталында ашық конкурс тәсілімен жарияланған 17.06.2019 жылғы № 3103476 қорытынды хаттамасының күшін жойып және қайта заңға сәйкес әділ қаралуын сұраймын.
2. МСА Қағидаларына және МСА Заңына сәйкес «Жарық және құрылыс» ЖШС-на Бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесіне баллды есептеуде «9,4» балл берілуін және Әлеуетті өнім берушіде ұлттық немесе халықаралық стандартқа сапа менеджменті жүйесі мен экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттарының бар болуына сәйкес «3» балл берілуі тиіс. Барлығы «12,4» балл берілуі керек, заңға сәйкес әділ қаралуын сұраймын.
3. Осы шағым бойынша заңда көрсетілген мерзім ішінде жауап беруіңізді сұраймын.

«Жарық және құрылыс» ЖШС
директоры **Қарабаев Т.Е.**